

**Ғ. Қ. ОМАРОВ, Б. Б. БЕСЕТАЕВ
С. А. САПАТАЕВ, С. Т. САГЫНДЫКОВА**

**ШҚО КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЗІМІ**

Алматы 2018

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғ. Қ. ОМАРОВ, Б. Б. БЕСЕТАЕВ
С. А. САПАТАЕВ, С. Т. САГЫНДЫКОВА

ШҚО КҮРШІМ АУДАНЫНЫҢ
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЕСҚЕРТКІШТЕРІНІҢ
ТІЗІМІ

Ұжымдық монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӘОЖ 902/904 (574.4)

КБЖ 63. 4 (5 қаз)

Ш 98

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесі (№4, 27.11.2017) және Редакциялық-
баспа кеңесінің (№3, 07.12.2017) шешімімен ұсынылған*

*ҚР БжҒМ жариялаған 2015-2017 жылдар аралығындағы гранттық іргелі зерттеу
бағдарламасы бойынша 1038/ТҚ4 «Оңтүстік-Батыс Алтайдың ежелгі көшпелілері:
пәнаралық зерттеу» ғылыми жоба аясында жарыққа шығарылды.*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Т. Төлеубаев**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **А.А. Нұржанов**

Жауапты редактор:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **М.Е. Елеуов**

Ш 98 ШҚО Күршім ауданының археологиялық ескерткіштері-
нің тізімі: ұжымдық монография / **Ғ.Қ. Омаров, Б.Б. Бесетаев,**
С.А. Сапатаев, С.Т. Сагындыкова; жауап. ред. **М.Е. Елеуов.** –
Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 174 б.

ISBN 978–601–04–2995–6

Бұл еңбек ҚР БжҒМ жариялаған 2018-2020 жылдар аралығындағы гранттық іргелі зерттеу бағдарламасы бойынша «АР05134378 – Көне заманнан ортағасырларға дейінгі Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі және жерлеу-ғұрыптық рәсімдері» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды. Зерттеуде Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы археологиялық ескерткіштердің орналасуы жайлы ақпараттар мен сипаттамалар келтірілген. Еңбекке 2012-2018 жылдардағы қазба және барлау жұмыстарының нәтижелері мен иллюстрациялық материалдар енгізіліп отыр.

Басылым өлке тарихы мен археологиясынан хабардар болғысы келетін көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 902/904 (574.4)

КБЖ 63. 4 (5 Қаз)

© Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б.,
Сапатаев С.А., Сагындыкова С.Т., 2018

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

ISBN 978–601–04–2995–6

КІРІСПЕ

Еуразия көне тарихында еліміздің шығысындағы Күршім өңірі ерекше маңызға ие. Өйткені бұл мәдени-тарихи өңір ілкі замандардан бері адамзат дамуындағы күрделі үдерістермен тығыз байланысты. Мұнда алғашқы қауым кезінің өзінде-ақ бірнеше археологиялық мәдениеттер қалыптасып, дамығандығын археологиялық мәліметтер толыққанды растап отыр. Дегенмен өңірдің ежелгі тарихы әлі күнге дейін кешенді түрде зерттелінген жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында 2012 жылдан бері Алтай археологиялық экспедициясы (Жетекшісі – Ғани Қалиханұлы Омаров) зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде осы уақытқа дейін ғылымға белгісіз болып келген ауданның археологиялық ескерткіштері ашылып, қажетті жаңа деректер алуға мүмкіндіктер берді.

Аталған тарихи аймақта қола, ерте темір және түркі дәуірлерінде тіршілік еткен тұрғындардың мәдениетін зерттеу отандық тарихнамадағы көкейкесті мәселелердің бірі екендігін оның жалпы Еуразия тарихымен тікелей байланысты болғандығы аңғартады. Себебі, Алтай және Шығыс Қазақстан аумағында басталған халықтардың Ұлы қоныс аударуы сынды күрделі тарихи үдерістер Еуразияның этникалық, саяси және тарихи картасын түбегейлі өзгертіп жіберген еді. Нәтижесінде, қарастырылып отырған өңірдің мәдени дамуы, тұрғындарының этникалық келбеті мен заттық мәдениеті де азды-кемді өзгерістерге ұшырады. Мұндай өзгерістердің барысын, қайнар-бастаулары мен тарихи ағынын жазба деректердің кемдігіне орай, біз тек қана археологиялық барлау және қазба зерттеулері негізінде қалпына келтіруге болады деп есептейміз. Жарқын мәдениеттерін, бірегей мәдени